

Железин ауданында шетелдіктер үшін 2022 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2022 жылғы 29 шілдедегі № 164/7 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 тамызда № 28982 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы "Шетелдіктер үшін туристік жарна төлеу қағидаларын бекіту туралы" № 787 қаулысына сәйкес Железин аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемесі болу құнының 0 (нөл) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. "Железин ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Железин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3) осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Железин аудандық мәслихатына осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін."

3. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Железин аудандық мәслихатының хатшысы

П. Лампартер